📕 **«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ», «БУЛЛИНГ», «БОПСАЛАУ» кездесуі**

📕 **Күні:03.12.2024**

📘Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Жанділлаев Нұрбек Ералыұлы

📕 №1 қалалық емхана психологы Шахризада Бәкірова

📕 📘«Бітім» медиация орталығының медиаторы Әбдеш Әсел оқушылармен кездесті.

📗 **Мақсаты:** бопсалау, буллинг, нашақорлықтың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау.

📗 📘Кездесуде балалармен ашық әңгімелер айтылып, бейнероликтер көрсетілді. Тренинг-жаттығуларын жасады. Біртұтас тәрбие аясында бірлескен жұмыс мәресіне жетті.







БАҚЫТТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Күні:15.11.2024

♻И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 8-11 сынып қыздарымен кездесу өтті.

♻МАҚСАТЫ: қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, ерте жүктіліктен сақтану жолдары, суицид, алаяқтықтан сақтану, жеке бас гигиенасы т,б.

♻Қатысқан қонақтар: Исахожаева Арайлым Бауыржанқызы Қызылорда қалалық прокуратурасының мемлекеттік айыпты қолдау тобының прокуроры ♻Қызылорда қаласының №1 қалалық емханасының психолг маманы Ермаханова Манат Телғарақызы

♻Кездесу барысында қыздардың ойларында жүрген құқықтық сауаттылықты арттыра отырып, сұрақтарына жауап алып, бейнероликте көрсетілген жайттан бір-бірін аулақ болуға шақырды. Психолог маман тренинг жүргізді. Таратпа қағаздары таратылды.





ПРОКУРОР САҒАТЫ

Күні:14.11.2024

🔰И.В.Панфилов атындағы N5 мектеп-лицейінде 14.11.2024жылы "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбында 8-11-сынып оқушыларымен прокурор сағаты өтті.

🔰Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры АБДУЛҒАЗИЗ СӘКЕН АДАЙБЕКҰЛЫ

- 🔰 "НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!" тақырыбында қозғалған шараның мақсаты: құқықбұзушылықтың алдын алу, денсаулық қауіпсіздігін сақтау бағытында түсіндіру, ақпараттандыру, әдістемелік көмек көрсету.







⚜️ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК⚜️

Күні:11.11.2024

⚜️🔰И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "Жеке қауіпсіздік" тақырыбында сынып жетекшілерінің кезекті отырысы өтті. 🔰Мақсаты – оқушылар мен тәрбиеленушілерде әртүрлі жағдайларда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру, ықтимал қауіптерді тану және оларға дұрыс жауап беру қабілетін дамыту.

🔰**Міндеттері:**

- жеке қауіпсіздікті қорғау шаралары туралы хабардарлықты арттыру;
- оқушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- жауапты мінез-құлық қалыптастыру;
- психологиялық дайындық;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- ақпараттық қауіпсіздік.

🔰Жиынды мектеп-лицей директоры Р.Мұхашова ашты.

🔰І тоқсан қорытындысы «ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК» тақырыбында түсіндірме жұмыстары.

🔰"Патриоттық тәрбие берудегі "Ерлік сабағының рөлі".

🔰Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысын басшылыққа алу жолдары көрсетіліп, сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетілді.





ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ

Күні:15.10.2024

🔰И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде "ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ" тақырыбында 5-8 сынып аналарымен кездесу өткізілді.


🔰N1 қалалық емханасының бас дәрігерінің ана мен бала жөніндегі орынбасары СҰЛТАНГЕРЕЕВА ГУЛЬНАР АБЖАМИЕВНА

🔰N1 қалалық емханасының эпидемиологиялық дәрігері САМАЛЫКОВ МҰХТАР АМАНГЕЛДІҰЛЫ

🔰Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы ИСКАКОВА КҮЛӘШ ИСАҚЫЗЫ

🔰№1 қалалық емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері ӘЛІМОВА АҚЕРКЕ СЕРІККЫЗЫмен ашық сұхбат өтті.

⚜️⚜️ҚР адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялауды енгізу жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.







🇰🇿ҚЫЛМЫССЫЗ ӨҢІР - КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ🇰🇿

Күні:20.09.2024

🇰🇿И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде Қызылорда қаласының бөлім аға прокуроры Ұзақбаев Дәуірбек Бауырбекұлымен бірлескен жұмыс жоспары бойынша кездесу өтті.

🇰🇿Кездесудің мақсаты: өңірдегі қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу, төмендету, орын алу себептері мен негіздерін анықтап, құқықбұзушылық профилактикасын жүзеге асыру.

- 🇰🇿 Мектеп-лицей директоры Рита Жұмамұратқызы қонақпен таныстырып сөз берді. 🇰🇿Балалармен ашық сұхбат жүргізіліп, жауап алды, бейнеролик көрсетілді.





🔰ЖАТ АҒЫМНЫҢ АЛДЫН АЛУ🔰


Күні:10.09.2024

🔰 "ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА КЕРІ ӘСЕРІ" тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

🔰МАҚСАТЫ: рухани адамгершілік құндылықтарды зерделей отырып, теріс ағымдарға бағытталған көзқарастардан бас тартуға ықпал жасау.

🔰Қызылорда облысының дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің маманы - Байназаров Еркін Бахтияруұлы, теолог - Сәрсенбайұлы Бақбергенмен кездесті. Оқушылардың ойларында жүрген сауалдары қойылып, жан жақты ашық сұхбат жүзеге асты. Ислам - дінінде зорлық-зомбылық жоқ, сенім бостандығының кепілі. Ел мен дін мұраты - ынтымақ пен бірлік.







"Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллингтің алдын алу" құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысы

Күні:04.09.2024

- И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 8-11-сынып оқушыларымен Қызылорда ҚПБ ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция капитаны М.Нағашыбаев, полиция майоры С.Ерманова, полиция лейтенанты А.Қоңыртай ішкі істер қызметкерлерімен бірлескен кеңес отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, психотропты наркотикалық заттардан аулақ болу, бөгде адамдарға есік ашпау, машинаға отырмау - Қызылорда ҚПБ ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция капитаны М.Нағашыбаев

Құқықтық сауаттылығын арттыру мен кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту, қылмыстың алдын алу және оны болдырмау, буллинг, кибербуллингтің алдын алу – Қызылорда ҚПБ ЖПҚб ЮПб УПИ-ры полиция майоры С.Ерманова

- «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» директордың орынбасары Т.Тастаева күн тәртібіндегі мәселелерді қарады. Оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді.





"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАСТАЛЫП КЕТТІ

Күні:15.08.2024

"Мектепке жол"республикалық акциясы мектеп оқушыларының толық қатысуын қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.Биылғы жаңа оқу жылы бойынша да акцияның басталуы 2024 жылдың 1 тамызынан, аяқталуы - 2024 жылдың 30 қыркүйегінде.

Акцияның ұраны: Жақсылықты жаса.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету болып табылады.

ӘРБІР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУЫ ҮШІН ЖАРАЛҒАН!!!

ҚҰРМЕТТІ ДЕМЕУШІЛЕР, ЕРІКТІЛЕР ТОБЫ,ӘРІПТЕСТЕР!!!

"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСЫП,"ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА" ҰРАНЫМЕН БАЛАҚАЙЛАРДЫ ҚУАНТУҒА АСЫҒАЙЫҚ!!!





